

Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін кейбір акцизделетін тауарларды таңбалауды енгізу шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы кеден комитеті 1995 жылғы 24 шілдедегі N 55. Күші жойылды - ҚР Кеден Комитетінің 27.10.95 ж. N 158 бұйрығымен. ~V950135

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 P950592_ "Қазақстан Республикасы аумағында акцизделетін алым маркаларын енгізу және таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды өткеру туралы" қаулысын орындау мақсатында бұйырамын:

1 . Б е к і т і л с і н :

- Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін кейбір акцизделетін тауарларды таңбалау тәртібі туралы Уақытша Нұсқаулық (Нұсқау N 1 Қосымша);

- Қазақстан Республикасының акциздік кеден күзеті туралы Ереже (N 2 қ о с ы м ш а) ;

2. Алматы қаласы мен Алматы облысы, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша кеден басқармалары 1995 жылдың 10 т а м ы з ы н а д е й і н :

а) аталған әр басқармада төмендегідей қызмет аймақтары анықталып,

занды тұлға мәртебесінсіз акциздік кеден күзеті құрылсын:

Ескерту.

Осы ережелер Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасы үшін акциздік кеден құрылғанша уақытша қолданылады.

- Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасы Алматы қаласы мен Алматы облысы, Талдықорған облысы;

- Ақтөбе облысы бойынша кеден басқармасы - Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстары;

- Қостанай облысы бойынша кеден басқармасы - Қостанай, Көкшетау,

Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстары;

- Қарағанды облысы бойынша кеден басқармасы - Қарағанды, Ақмола, Семей, Жезқазған, Павлодар, Шығыс-Қазақстан облыстары;

- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары;

б) әр кеден күзетінде саны 15 бірлікте штат, оның ішінде мыналар бекітілсін:

- күзет бастығы
- күзет бастығының орынбасары
- акциздік алым маркаларымен жұмыс бөлімінің бастығы
- кедендік ресімдеу бөлімінің бастығы
- акцизделетін тауар жеткізуге бақылау бөлімінің бастығы
- инспекторлар құрамы

в) Кеден бақылауын ұйымдастыру (Качкаев Е.Н.), кеден кірістері (Мулькин С.Д.), кадрлар (Токсейітов А.К.), қаржыландыру және күрделі құрылыс (Мухамедов Р.Х.), контрабанда және кеден ережелерін бұзуға қарсы күрес (Асқаров С.Т.) басқармалары 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін Алматы қаласында заңды тұлға мәртебесі бар акциздік кеден құру жөнінде ұсыныс берсін.

г) таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеу мен сақтау үшін ашық үлгідегі кеден қоймасын (акциздік терминал) ашуға және тағайындауға Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің лицензиясы бар кеден қоймасы анықталсын. Мұндай терминалды анықтар кезде олардың иелерінің жұмыс тәжірибесін, тауарлардың сенімді сақталуын қамтамасыз етуді, терминалдардың орналасатын жері, қоймалардың алаңдары, орналасу жағдайларын, акциздік күзеттің қалыпты жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті жабдықтар мен байланыстың болуын ескеру керек.

д) Кеден кірістері басқармасы (Мулькин С.Д.) 1995 жылдың 3 тамызына дейін акциздік кеден күзетінің акциздік алым маркалары үшін төлемдерді (қолма-қол ақша төлеу және ақша аудару арқылы) қабылдауы, бақылауы мен есепке алуының технологиялық нобайын жасасын.

3. Акциздік кеден күзеттері осы Бұйрықтың 3 тармағында аталған кеден басқармаларына тікелей бағынатын болып белгіленсін.

4. Кадрлар (Токсейітов А.К.) басқармасы осы Бұйрықтың 3 тармағында аталған кеден басқармаларының ұсынуы бойынша кеден басқармаларына ішкі штаттық бірліктерді қайта бөлу есебінен акциздік кеден күзеттерін құру үшін қосымша штаттық санды бөлуді көздесін.

5. Кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы (Качкаев Е.Н.) 1995 жылдың 3

тамызына дейін кеден шекарасында Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін, акцизделетін таңбаланатын тауарларды өткізу пункттерін анықтасын.

6. Кеден режимі мен күзет басқармасы (Исабаев С.М.) 1995 жылдың 30 шілдесіне дейін Кеден комитеті басшылығына өткізу пункттерінен кедендік сақтау қоймаларына дейін автомобиль транспорттарымен тасылатын таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды ілеспе өткеру туралы Ережені жасап ұ с ы н с ы н .

7. Кеден бақылауын ұйымдастыру (Качкаев Е.Н.), кеден кірістері (Мулькин С.Д.) басқармалары 1995 жылдың 30 шілдесіне дейін Кеден комитеті басшылығына кеден органдары депозиттік есептеріне тиесілі сомаларды салу жолымен кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз ете отырып, таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды жеткізу мен транзиттеу бойынша нормативті құжаттарды жасап, бекітуге ұсынсын.

8. Кеден комитетінің баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.О.) таңбалауға

жатқызылатын акцизделетін кейбір тауарларды әкелу ережелері мен Нұсқауға қатысты осы Бұйрықтың ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға кіріссін.

9. Осы Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің Төрағасының Бірінші орынбасары А.Қ. Қапсұлтановқа жүктелсін.

Төрағаның міндетін
атқарушы

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитетінің
Бұйрығына N 2 Қосымша
1995 жылғы 24 шілде N 55

Қазақстан Республикасының акциздік кеден
күзеті туралы
Ереже

1.1. Қазақстан Республикасы Кеден органдарының жүйесіне кіреді және қызметі аумағында өтетін сол кеден басқармасына (бұдан әрі - Басқармаға)

т і к е л е й

б а ғ ы н а д ы .

Күзетті құруды және қайта ұйымдастыруды, жоюды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті жүргізеді.

Акциздік кеден күзетінің құрылымы мен штаттарын Кеден комитеті б е л г і л е й д і .

1.2. Акциздік кеден күзеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының

Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдерін, Кеден комитеті мен Басқарманың нормативті және басқа да заң актілерін басшылыққа алады.

1.3. Акциздік кеден күзеті тиісті кеден басқармасының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- акцизделетін алым маркаларымен жұмыс істейтін бөлім
- акцизделетін тауарларды жеткізуге бақылау жасау бөлімі
- кедендік ресімдеу бөлімі

2. Акциздік кеден күзетінің міндеттері

2.1. Қазақстан Республикасы кеден заңдарының сақталуын қамтамасыз ету.

2.2. Қазақстан Республикасы салық заңдарының Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметіне қатысты бөлімінде сақталуын қамтамасыз ету.

2.3. Қазақстан Республикасы кеден органдарына жүктелген кеден алымдарының, баждарының, сонымен қатар салықтардың толық және дер кезінде түсуін қамтамасыз ету.

2.4. Өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін қорғау.

3. Акциздік кеден күзетінің қызметтері

Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес

Акциздік кеден күзеті төмендегідей негізгі қызметтерді атқарады:

3.1. Акцизделетін алым маркалары мен Арнайы маркаларды сатып алуға импорттаушының өтінішін қабылдайды.

3.2. Маркаларды даярлауға өтінішті құрастырады және оларды Басқармаға,

содан кейін көрсетілген өтініштерді Кеден комитетіне жөнелтеді.

3.3. Маркалардың жүргізілуін, оның ішінде олардың Кеден комитетінен тасымалдау қауіпсіздігін, сонымен қатар олардың сақталу қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3.4. Импорттаушыларға олардың тапсырыстарының орындалғаны туралы х а б а р л а й д ы .

3.5. Импорттаушылардан Қазақстан Республикасы кеден аумағында таңбалауға жатқызылатын тауарларды іс жүзінде әкелу туралы міндеттемелер қ а б ы л д а й д ы .

3.6. Импорттаушыларға Маркаларды тапсырылған санына қарай қатаң т ә р т і п п е н б е р е д і .

3.7. Алдын ала декларацияларды ресімдеуді және импорттаушының таңбаланған тауарларды әкелудің белгіленген тәртібін сақтауына бақылауды жү з е г е а с ы р а д ы .

3.8. Импорттаушыдан бүлінген не пайдаланылмаған маркаларды қабылдайды және оларды Кеден комитетіне береді.

3.9. Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген таңбаланған тауарларды не импорттаушының қайтарған маркаларының санының сатып алынған Маркаларға сәйкес келуін тексеру жолымен Маркалардың пайдаланылуына бақылау жасайды.

3.10. Акцизделетін таңбалауға жатқызылатын тауарларды әкелетін ұйымдардың сыртқы саудалық операцияларын есепке алу Журналын жүргізеді.

3.11. Акцизделетін таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге а с ы р а д ы .

3.12. КЖД-да, кедендік ресімдеу мен кеден бақылауын жүргізуге қажетті тауарға ілеспе және өзге құжаттарда келтірілген мәліметтерді тексеру, кеден бақылауын жүргізу жолымен акцизделетін таңбалауға жатқызылатын тауарларға қатысты кедендік бақылауды жүргізеді.

Әкелінген таңбаланған тауарлардың санын сатып алынған Маркалармен салыстырады және кеден бақылауының өзге де нысандарын қолданады.

3.13. Өз құзыреті шеңберінде Кеден комитетінің депозиттік есепшотына кеден төлемдерінің толық және дер кезінде түсуіне бақылауды жүзеге асырады.

3.14. Сыртқы сауда статистикасы мен кеден статистикасын жүргізу үшін алғашқы деректерді жинауды, өңдеуді және Басқармаға беруді жүзеге асырады.

3.15. Мемлекеттік органдарды, кәсіпорындарды және ұйымдарды кеден мәселелері жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз етеді.

3.16. Шағымдар мен қайырылымдарды толық әрі дер кезінде қарауды қамтамасыз етеді, кәсіпорындардың, ұйым-мекемелердің құқықтары мен мүдделеріне қысым жасауға апарып соғатын себептер мен жағдайларды жоюға

ш а р а л а р

қ о л д а н а д ы .

3.17. Акциздік кеден күзеті қызметкерлерін кәсіби жағынан даярлауды жүзеге асырады, акцизделетін таңбалауға жатқызылатын тауарларды кедендік ресімдеу саласындағы мамандарды оқыту жүйесін ұйымдастырады.

3.18. Өз құзыреті шеңберінде валюталық бақылау жасауды жүзеге асырады.

4. Акциздік кеден күзетінің құқықтары

Акциздік кеден күзеті өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін төмендегідей құқықтарды қосқанда Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген құқықтарға ие:

4.1. Күзетке жүктелген міндеттерді орындауға және өз қызметтерін жүзеге асыруға қажетті мәліметтер мен құжаттарды мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан және ұйым-мекемелерден, сонымен қатар лауазымды адамдар мен азаматтардан алуға.

4.2. Кеден бақылауын жүргізуге жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес құқық қорғау органдарынан, кәсіпорындардан және ұйым-мекемелерден мамандарды, сонымен қатар сарапшыларды жұмысқа тартуға.

4.3. Акцизделетін тауарларды шығарғаннан соң кеден бақылауын жүргізуге.

4.4. Өз қызметі аймағында кедендік шағынқұрылымды дамыту, кеден ісі бойынша заңдарды және осы Ережені өзгерту мен жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге.

5. Қорытынды ережелер

Акциздік кеден күзетін Кеден комитетімен келісе отырып Басқарма бастығының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және одан бастылатын бастық басқарады.

Акциздік кеден күзетінің бастығы :

- акциздік кеден күзетіне жүктелген міндеттерді орындауға және өз қызметтерін жүзеге асыруға дербес жауапкершілікте болады;
- Басқарма бастығына акциздік кеден күзетінің құрылымдық бөлімшелері бастықтарын қызметке тағайындау мен одан босатуға ұсынады;
- өз құзыреті шеңберінде валюталық бақылау жасауды акциздік кеден күзетінің кадрларын (құрылымдық бөлімшелерінің бастықтарынан басқа) іріктеуді, тағайындауды және орналастыруды жүзеге асырады;
- белгіленген тәртіппен акциздік кеден күзетінің лауазымды адамдарына

арнайы атақтарды беру жөнінде ұсыныс жасайды;

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитетінің
N 55 бұйрығымен
1995 жылы 24 шілдеде
Бекітілген

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. "Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін кейбір акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібі туралы" осы Нұсқау (бұдан әрі - Нұсқау) Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығын және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы аумағында акцизделетін алым маркаларын өндіру және таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды өткеру туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 Р950592

— Қаулысын орындау мақсатында жасалынып отыр.

1.2. Осы Нұсқауға сәйкес, кейбір акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібін сақтау, оның ішінде осы Нұсқаудың 2.16. тармағында баяндалған талаптар осындай еркін айналым үшін тауарлар шығарудың кеден режимінің ш а р т т а р ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Таңбалауға жатқызылатын тауарлардың тізімі N 1 Қосымшада келтірілген.

1.3. Осы Нұсқаудың 1.2. тармақтарында көрсетілген тауарлар акцизделетін алым маркасымен таңбалауға жатқызылады. Акцизделетін алым маркаларының үлгілері N 2 Қосымшада келтірілген.

1.4. Акцизделетін алым маркасын таңбалауға жатқызылатын және шығарылу елі ТМД-ге қатысты мемлекет емес тауарларға қатысты акциздерді алудың төмендегідей тәртібі қолданылады:

а) Акцизделетін алым маркаларын сату түрінде акциздердің бір бөлігі а л ы н а д ы .

б) Маркаларды сатып аларда төленген сома мен таңбаланған тауарларды әкелгені үшін төлеуге жатқызылатын акциздердің сомасы арасындағы

айырмашылық осындай тауарларды кедендік ресімдеу кезінде алынады.

1.5. Бір акцизделетін алым Маркасының құны:

- темекі бұйымдарына қатысты - 0,01 ЭКЮ мөлшерінде;
- арақ-шарап бұйымдарына қатысты - 0,5 ЭКЮ мөлшерінде.

1.6. Акцизделетін тауарларды таңбалауға осындай тауарларды импорттаушылар жауапты. Осы Нұсқауды қолдану мақсатында импорттаушы деп Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 18 бабында белгіленген Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарлар таңбалауға жатқызылады деп көрсетіліп, сату-сатып алу немесе айырбастау жөніндегі сыртқысаудалық келісім жасаған қазақстандық тұлға танылады.

1.7. Акцизделетін алым маркаларын осы Нұсқауда белгіленген тәртіппен сатып алынған маркаларды пайдалануды қосқанда еркін айналым үшін тауарлар шығарудың кеден режимі шарттарын импорттаушылардың сақтауын бақылайтын Кеден комитеті анықтайтын кеден органдары (бұдан әр - акциздік кеден бекеттері) импорттаушыларға сатады.

1.8. Импорттаушының сатып алған акцизделетін маркалары маркаларды тауарларды өндірушіге беруінен немесе кеден органдарына қайтарып беруден басқа жағдайларда өзге адамдарға қайта сатуға, беруге немесе басқа түрінде иеліктен алуға жатқызылмайды.

1.9. Уақытша сақтау қоймалары немесе кеден қоймалары (бұдан әрі - терминалдар) акцизделетін таңбаланған тауарларды жеткізудің орны бола алады.

Акцизделетін таңбаланған тауарларды орналастыруға жол берілетін терминалдардың тізімін Кеден комитеті анықтайды.

2. Маркаларды сатып алудың тәртібі

2.1. Импорттаушы қызметін аумағында өткізетін акциздік кеден бекеті импорттаушыларға акциз арқылы жиналатын Маркаларды (бұдан әрі - Маркаларды) сатады.

Маркаларды сатып алу Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлардың іс жүзінде әкелінетіне дейін жүргізіледі.

2.2. Маркаларды сатып алуға арналған ақша қаражатын импорттаушы акциздік кеден бекетінің есебіне салады.

2.3. Маркаларды сатып алу үшін импорттаушы акциздік кеден бекетіне төмендегідей құжаттарды көрсетеді:

- N 3 Қосымшада келтірілген үлгіде 2 данада жасалған Маркаларды сатып алуға өтініш ;

- тауарлардың әкелінуі көрсетілген сыртқысаудалық келісімнің түпнұсқасы
м е н к ө ш і р м е с і ;

- Маркаларды сатып алу үшін акциздік кеден бекетінің есебіне қаржының түскенін растайтын төлем құжаты, сонымен қатар көрсетілген қаржының төлеушінің есебінен алынғанын растайтын дербес есебінің көшірмесі.

Сондай-ақ төлем құжатының "Төлем мақсатты белгіленуі" бағанында

міндетті түрде "Акцизделетін алым маркалары үшін ақы төлеу" деген жазу болуы керек.

Сыртқысаудылық келісімнің түпнұсқасы көрсетілген оның көшірмесінен салыстырылып, импорттаушыға қайтарылады.

2.4. Акциздік кеден бекеттері Маркаларды сыртқысаудалық келісімде көзделген тауардың әр түрінің санының 102 процентінен аспайтындай мөлшерде сатады.

2.5. Акциздік кеден бекетінің есебіне салынуға тиісті Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражатының мөлшері мына формуламен анықталады:

$C - C_{tm} * K_t * K_{ky}$, бұл арада

C - Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражатының сомасы;

C_{tm} - осы Нұсқаудың 1.4. тармағында көзделген ЭКЮ-мен белгіленген марканың құны;

K_t - таңбалауға жатқызылатын тауардың (темекі бұйымдарына үшін - пачка саны, арақ-шарап бұйымдары үшін шөлмек саны) саны

K_{ky} - Маркаларды сатып алуға өтініш берілген күнге дейін қолданылатын
Э К Ю к у р с ы .

2.6. Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражаты Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасымен төленеді.

2.7. Маркаларды сатып алуға өтінішті ондағы мәліметтер тексерілген соң ғана нөмірін беру және таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды әкелетін ұйымдардың сыртқысаудалық операцияларының есебі туралы Журналға (бұдан әрі - Журнал) тиісті жазу өндіру жолымен акциздік кеден бекеті тіркейді (N 4 Қ о с ы м ш а) .

2.8. Акциздік кеден бекеті есебіне импорттаушының ақша қаражаты іс жүзінде түскен соң Маркаларды сатып алуға өтініштің екі данасында "Ақша қаражаты түсті" деген белгі жасалып, оны жасаған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі. Осындай белгі төлемнің жеке

акциздік кеден бекеті есебіне түскен түсімдердің күні көрсетіліп жазылады.

2.9. Акциздік кеден бекеті өз есебіне түскен ақша қаражатын Журналдың тиісті бағандарына оның аударылғаны туралы мәліметтерді жазып, акциздер сомаларын аудару үшін белгіленген тәртіппен және тиісті мерзімінде Кеден комитетінің есебіне аударды.

2.10. Акциздік кеден бекетінің "Ақша қаражаты түсті" деген белгісімен Маркаларды сатып алуға өтініштің бірінші данасы тауарларды импорттаушыға қайтарылады; екіншісі акциздік кеден бекетінің бақылауында болады.

2.11. Төленген Маркалардың саны Маркаларды даярлауға өтінішке ендіріледі, оны аптасына кемінде екі рет акциздік кеден бекеті Кеден комитетіне фельдьегерлік немесе арнайы байланыспен жібереді.

2.12. Маркаларды даярлауға тапсырыс екі данада толтырылады, олардың:

- бірінші данасы Кеден комитетіне жіберіледі;
- екінші данасы қатаң есеп беруге жатқызылатын қаржы құжаттарын сақтау үшін көзделген тәртіппен акциздік кеден бекетінде сақталынады.

2.13. Даярланған маркалар акциздік кеден бекетіне түседі.

2.14. Тапсырылған Маркалар партиясы алынған соң акциздік кеден бекеті импорттаушылардың өтініштерінің тек тіркеу нөмірлерін көрсетіп, акциздік кеден бекеті орналасқан жерде ақпаратты орналастыру жолымен Маркаларды даярлауға тапсырыстарының орындалғаны туралы импорттаушыларға х а б а р л а й д ы .

2.15. Маркаларды алу үшін акциздік кеден бекетіне импорттаушы төмендегідей құжаттарды көрсетеді:

- "Ақша қаражаты түсті" деген белгісімен Маркаларды сатып алуға өзінің өтінішінің данасын;

- осы Нұсқаудың N 5 Қосымшасында келтірілген үлгіде Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлардың импорттаушы анықтаған мерзімде іс жүзінде әкелінгені, осындай тауарлардың кеден органына көрсетілгені, белгілі бір терминалға орналастырылғаны және тиісті кеден төлемдері төленгені туралы ж а з б а ш а м і н д е т т е м е н і .

Міндеттемеде көрсетілген мерзім импорттаушының Маркаларды сатып алған күнінен бастап сегіз айдан асуы мүмкін емес.

Міндеттемеде импорттаушының жасаған мәліметтері Журналға жазылады.

2.16. Акциздік кеден бекеті импорттаушыға Маркаларды импорттық кеден бажын, қосымша құнға салықты, банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі түрінде Маркаларды сатып алу кезінде төленбеген акциздердің бір бөлігін төлеуді немесе акциздік кеден бекетінің депозитіне тиісті сомаларды салуды қамтамасыз еткен жағдайда береді.

2.17. Әкелінетін акцизделетін тауарлар үшін кедендік төлемдерді төлеуді

қамтамасыз етуге қажетті ақша қаражатының сомасы мына формуламен е с е п т е л е д і :

$C - C_T * V_M * K_{\text{экю}}$, бұл арада

C - кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етуге қажетті ақша қаражатының с о м а с ы ;

C_T- таңбалауға жатқызылатын тауарлар үшін кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етуге соманы ЭКЮ-мен белгіленген күйде есептеудің ставкасы (N 1 Қ о с ы м ш а) ;

V_M - сатып алынған маркалардың саны;

K_{экю} - кепілдік міндеттеме толтырылған күнге дейін қолданылатын ЭКЮ к у р с ы .

2.18. Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі N 6 Қосымшада келтірілген үлгіде жасалынады.

Кепілде Таңбалау үшін Маркалар сатып алынған әкелінетін акцизделетін тауарлар үшін кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етуге қажетті ақша қаражатының сомасы көрсетіледі.

2.19. Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілін қабылдаған кезде акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы осы Нұсқаудың 2.3. тармағында көзделген Маркаларды сатып алуға өтініштің екі данасына кепілдік міндеттеме қабылданған күн, банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның аты-жөні мен мекен-жайы және қамтамасыз ету сомасы көрсетіліп, кепілдік міндеттеменің қабылданғаны туралы б е л г і ж а с а й д ы .

2.20. Акциздік кеден бекеті кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету ретінде өзінің депозитіне ақша қаражатының қажетті сомасын салу үшін төлем құжаттарын қабылдаған кезде Маркаларды сатып алуға өтініштің екі данасына акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы осы құжаттың қабылданған күнін және төлеушінің аты-жөнін, төлем құжатының күні мен нөмірін көрсетіп, акциздік кеден бекетінің депозитіне ақша қаражатының түскенін көрсетіп, төлем құжатының қабылданғаны туралы белгі жасайды.

2.21. Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі немесе акциздік кеден бекетінің депозитіне ақша қаражатының салу таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кедендік төлемдерді төлеу мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу тәртібін беруге негіздеме бола алмайды .

2.22. Таңбалау үшін Маркалар сатып алынған тауарлар осы Нұсқаудың 2.15. тармағында көзделген міндеттеменің қабылданған күнінен бастап сегіз

айдан кешіктірілмей белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы аумағында іс жүзінде әкелінуі тиіс.

2.23. Импорттаушыға немесе импорттаушының сенімхат бойынша өкілетті өкіліне Маркаларды беру сенімхатта көрсетілген адамның жеке басын куәлендіретін төлқұжатты немесе басқа құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Маркаларды берген кезде акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы Маркаларды алу үшін түбіртекті екі данада толтырады.

Түбіртектің үлгісі N 7 Қосымшада келтірілген.

Түбіртектің нөмірі импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінің тіркеу нөмірімен сәйкес келуі керек.

Түбіртектің парақтары қатаң есеп беруге жатқызылатын қаржы құжаттары болып табылады.

2.24. Түбіртектің даналары төмендегідей тәртіппен таратылады:

- бірінші данасы импорттаушыға немесе оның өкілетті өкіліне беріледі.
- екінші данасы Маркаларды алуға сенімхатпен бірге Маркаларды сатып алуға өтінішінің екінші данасымен біріктіріліп, қоса сақталады.

2.25. Маркаларды беру тапсырыс берілген маркалардың саны және үлгілеріне сәйкес қатаң тәртіппен жүргізіледі.

2.26. Импорттаушы немесе оның өкілетті өкілі көрсеткен Маркаларды сатып алуға өтінішінің данасында акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы Маркалардың іс жүзінде берілгені туралы белгі жасайды және оны өз қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырады.

Өтініштің көрсетілген данасы Маркаларды берерде бір мезгілде импорттаушыға немесе оның өкілетті өкіліне қайтарылады.

2.27. Маркаларды сатып алуға өтініштің екінші данасына және Журналға акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы Маркаларды іс жүзінде берілгені туралы белгі жасайды.

2.28. Импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінің екінші данасын Маркалардың іс жүзінде берілгені туралы акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы жасаған белгісімен, Маркаларды сатып алу үшін кеден құжаттарымен, импорттаушының міндеттемесімен, банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын өкілетті банк немесе ұйымның кепілімен немесе акциздік кеден бекетінің депозитіне ақша қаражатын салу туралы төлем құжаттарымен бірге акциздік кеден бекеті қатаң есеп беруге жатқызылатын қаржы құжаттарын сақтау үшін көзделген тәртіппен сақтайды.

3. Акцизделетін алым Маркаларын әкету

Қазақстан Республикасы кеден аумағынан өкілетті Маркаларды кедендік

ресімдеу ықшамдалған тәртіппен жүргізіледі.

Декларациялау кеден органына Маркалардың алынғаны туралы түбіртектің (N 7 Қосымша) түпнұсқасын көрсету жолымен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ экспорттық кедендік ресімдеу үшін кеден бажы мен кеден а л ы м д а р ы а л ы н б а й д ы .

4. Еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларды акцизделетін алым Маркаларымен таңбалаудың т ә р т і б і

4.1. Еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларды Маркалармен таңбалау Кеден комитетінің нормативті актілерімен белгіленгеннен басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тыс жерлерде жүргізіледі .

4.2. Таңбалау осы Қосымшада белгіленген ережелерге сәйкес осы үшін анықталған жерде таңбалауға жатқызылатын тауарларға Маркаларды желімдеу ж о л ы м е н жү р г і з і л е д і .

Темекі бұйымдарын таңбалау ережелері N 8 Қосымшада келтірілген.

Маркаларды желімдеу кезінде тауарды бүлдірмей, одан Марканың алынуына мүмкіндік бермейтіндей желім қолданылуы тиіс.

5. Таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу

5.1. Таңбаланған акцизделетін тауарларды аймағында Қазақстан Республикасы кеден аумағындағы өткізу пункті (бұдан әрі - шекаралық кеден органы) қызметін жүргізетін кеден органы кедендік төлемдер төлеуді қамтамасыз етпей-ақ тауарларды кеден бақылауымен жүргізудің ережелеріне сәйкес импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінде және тауарларды әкелу туралы міндеттемесінде көрсетілген терминалға жібереді.

Сондай-ақ Жеткізуді бақылау құжатында (ЖБҚ) "Сенім артушы" 50 бағанында Маркалардың сериялары мен саны көрсетіледі.

Тауарға ілеспе құжаттары және көлік құжаттарында осындай терминалдың мекен-жайы көрсетілмеген жағдайда не мұндай құжаттарда басқа тауар алушының мекен-жайы көрсетілсе, онда тауар шекаралық уақытша сақтау қоймаларына орналастырылады.

5.2. Таңбаланған акцизделетін тауарлар терминалға жеткізіліп

орналастырылған соң терминалдың иесі көрсетілген тауарлардың келгені туралы жүк алушыға не оның өкіліне хабарлайды.

Хабар беруді кеден органының лауазымды адамы аймағында қызметі жүретін терминал орналасқан кеден органы куәлендіреді.

5.3. Таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді аймағында қызметі жүретін терминал орналасқан, осындай тауарлар түскен акциздік кеден бекеті жүргізеді.

5.4. Декларант акциздік кеден бекетіне төмендегідей құжаттарды көрсетеді:

- осы Нұсқаудың 5.2. тармағында көзделген тауарлардың түсуі туралы хабарлау қағазын;

- тауарға ілеспе құжаттар және көлік құжаттарын;

- кеден декларациясын;

- кедендік төлемдердің төленгені туралы төлем құжаттарын;

- Маркаларды сатып алуға импорттаушының өтінішін және Маркаларды сатқан акциздік кеден бекетінің куәландырған Маркаларды және көшірмелерін алғаны туралы түбіртек;

- кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізуге қажетті өзге де құжаттарды.

5.5. Кедендік жүк декларациясында (КЖД) "Сенім артушы" 50 бағанында декларант декларацияланатын тауарлар таңбаланатын Маркалардың сериялары мен санын көрсетеді.

5.6. КЖД - да жазылған мәліметтерді тексерген соң акциздік кеден бекетінің лауазымды адамы КЖД-ның әр бетінде (КД - 1 үлгісі) "С" бағанында "Тексерілді. Төлемдер төленді." деген белгі жасап, өз қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіреді.

5.7. КДЖ данасы таңбаланған тауарлар түскен аймағында қызметі жүретін терминал орналасқан кеден органына жіберіледі.

Осы кеден органының лауазымды адамы КЖД-да жазылған Маркалардың саны, номенклатурасы мен сериялары туралы мәліметтердің тауарларға желімденген Маркалардың саны, номенклатурасы мен серияларына сәйкес келуін, сонымен қатар тауарларды таңбалау ережелерінің сақталуын тексереді.

5.8. Таңбалаған тауарларды шығаруды осы Нұсқаудың 5.7. тармағында көзделген кеден органы жүргізеді.

Аталған кеден органы екі жұмыс күні ішінде фельдгегерлік және арнайы байланыспен толықтырылған КЖД-ның үш данасын аймағында қызметі жүретін терминал орналасқан акциздік кеден бекетіне жібереді.

5.9. Тауарлардың шығарылуы туралы белгі жасалынған КЖД-ның даналарын алған кезде акциздік кеден бекеті Журналға "КЖД нөмірі мен күндері" бағанына тауардың шығарылуы туралы тиісті жазу жазылады.

5.10. Тауар алушының өтінішімен және Маркаларды сату жүзеге асырған акциздік кеден бекетінің келісімімен барлық кедендік төлемдер төлеттіріліп, Кеден комитетінің нормативті актілері және осы Нұсқаумен белгіленген тәртіппен шекаралық кеден органында еркін айналым үшін тауарлар шығарудың кеден режиміне сай орналастырылатын таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуге жол беріледі.

5.11. Осы Нұсқаудың 5.10. тармағында көзделгеніндей жағдайда жүк алушы немесе оның өкілі акциздік кеден бекетіне шекаралық кеден органында таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуге рұқсат беру туралы өтінішпен жазбаша қайырылады.

Жазбаша өтініште міндетті түрде мыналар көрсетілуі тиіс:

а) өзіне сәйкес таңбаланған тауарлар әкелінетін сыртқысаудалық келісімінің нөмірі мен күні;

б) әкелінетін тауарлардың саны мен номенклатурасы;

в) Маркаларды сатып алуға импорттаушының өтінішінің нөмірі;

г) сатып алынған маркалардың сериялары;

д) шекаралық кеден органының аты-жөні;

акциздік кеден бекетінің бастығы не оның орнындағы адам жүк алушы немесе оның өкілінің өтінішін қанағаттыңдырар кезде мұндай жазбаша өтініштің түпнұсқамына "Келісемін" деген сөзді жазып, оны өз қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіреді.

5.12. Шекаралық кеден органында таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу үшін декларант төмендегідей құжаттарды көрсетеді:

- шекаралық кеден органында кедендік ресімдеуді жүргізуге келісім расталған жазбаша өтініштің түпнұсқасы;

- Кеден комитетінің нормативті актілеріне сәйкес кедендік ресімдеу мен кеден бақылауын жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттар.

5.13. Кедендік ресімдеу аяқталған соң шекаралық кеден органы шекарада тауарларды ресімдеуге рұқсат берген акциздік кеден бекетіне КЖД-ның куәлендірілген көшірмесін екі күн ішінде фельдьерлік және арнайы байланыспен жібереді.

5.14. Таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуге жол берілетін шекаралық кеден органдарының тізбесін Кеден комитеті белгілейді.

6. Акцизделетін алым Маркаларымен таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кедендік төлемдерді есептеу мен төлеу

6.1. Өндіріп алуы кеден органдарына жүктелген кедендік ресімдеу үшін кеден

бажын, қосымша құнға салықты, кедендік алымдарды және басқа да салықтарды есептеу кеден декларациясы қабылданған күнге дейін қолданылған ставкалар мен шетелдік валюталар курсы бойынша жүргізіледі.

6.2. Акциздерді есептеу мына формуламен жүргізіледі:

$A - A_t, \text{ бұл арада}$

A - сыйымдылығы немесе бөлініп салынған ыдыстары түрлі тауарларды қосқанда СЭҚ ТН-сының бір тауарлық қосымша субпозициясына жатқызылатын декларацияланатын бөліктегі барлық тауарлар бойынша акциздердің жалпы сомасы;

A_t - белгілі бір сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған ыдыстағы тауарларға қатысты акциздің ЭКЮ - мен сомасы, ол мына формуламен есептеледі:

$A_t - K_t * A_c, \text{ бұл арада}$

K_t - белгілі бір сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған ыдыстағы тауарлардың саны;

A_c - тиісті сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған тауардың бірлігіне акциздің ЭКЮ-мен ставкасы.

6.3. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде төленуге тиісті акциздер сомасын есептеу мына формуламен жүргізіледі:

$A_{пл} - A - A_m, \text{ бұл арада}$

$A_{пл}$ - төленген тиісті акциздің ЭКЮ-мен сомасы;

A_m - Маркаларды сатып аларда төленген акциздің ЭКЮ-мен сомасының бір бөлігі.

6.4. Акциздердің есептелген сомасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы арқылы төленеді.

7. ТМД-ге қатысушы мемлекеттерден әкелінетін таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеу үшін акцизделетін алым Маркаларын сатудың ерекшеліктері

7.1. ТМД-ге қатысушы мемлекеттерден әкелінетін таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарлар үшін (ТМД тауарлары) Маркаларды сатуды 2.3, 2.15-2.22, 2.2 - тармақтарынан басқа осы Нұсқаудың 2. тарауында белгіленген тәртіппен акциздік кеден бекеті жүргізеді.

7.2. Маркаларды сатып алу үшін импорттаушы осы Нұсқаудың 2.3. тармағында көзделген құжаттарды көрсетеді. Сондай-ақ импорттаушы N 3 а Қосымшада келтірілген Маркаларды сатып алу нысаны бойынша өтініш береді.

7.3. Даяр Маркаларды алу үшін өз тапсырысының орындалғаны туралы ақпарат алған импорттаушы акциздік кеден бекетіне төмендегілерді көрсетеді:

- ақша қаражатының түсуі туралы акциздік кеден бекетінің белгісі бар Маркаларды сатып алуға өтінішінің данасы;

- Қазақстан Республикасы кеден аумағына импорттаушының анықтайтын мерзімінде тауарлардың іс жүзінде әкелінетіні, осындай тауарлардың кеден органына көрсетілетіні, оларды белгілі бір терминалға орналастыру туралы осы Нұсқаудың N 5а Қосымшасында келтірілгендей нысан бойынша жазбаша м і н д е т т е м е .

Міндеттемеде көрсетілген мерзім импорттаушының Маркаларды сатып алған күнінен бастап бір жылдан аспауы тиіс.

7.4. Таңбалау үшін Маркалар сатылып алынған Тауарлар Қазақстан Республикасы кеден аумағына тауарлар іс жүзінде әкелінуі және импорттаушының Маркаларды алған күнінен бастап 1 жылдан кешіктірілмей кеден органына көрсетілуі тиіс.

7.5. Қазақстан Республикасы кеден аумағынан Маркаларды әкету және ТМД тауарларын таңбалау осы Нұсқаудың 3 және 4 тауарларына сәйкес жүргізіледі.

7.6. ТМД-ге қатысушы мемлекеттерден әкелінетін таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеу осы Нұсқаудың 5 тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етпей-ақ тауарларды кеден бақылауымен жеткізудің ережелеріне сәйкес тауарларды өткізу шекаралық кеден органына жүктелген еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қатысушы мемлекеттің кеден аумағынан тауарлардың шыққанын растайтын тауарлардың шыққаны туралы СТ-1 нысаны бойынша сертификат-декларацияны көрсеткенде ғ а н а жү р г і з і л е д і .

Жоғарыда көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда ТМД-ге қатысушы мемлекеттерден әкелінетін таңбаланған тауарлар банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі немесе шекаралық кеден органының депозитіне тиесілі сомаларды салу түрінде кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын, импорттық кеден бажын, қосымша құнға салықты,

Маркаларды сатып аларда төленбеген акциздердің бір бөлігін төлеуді қамтамасыз еткен жағдайда кеден бақылауымен тауарларды жеткізудің ресімдерімен орналастырылады.

Осы тармақтың ережесі теміржолды қосқанда транспорттың барлық түрлерімен таңбалауға жатқызылатын тауарларды әкелу кезінде қолданылады.

7.7. ТМД-нің таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларын кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын есептен шығарылуы ресейлік және беларусьтік тауарлардан басқаларына қатысты жалпылай белгіленген тәртіппен жүргізіледі, ал Ресей және Беларусьтің аумағынан әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары алынбайды.

8. Импорттаушының пайдаланылмаған не бүлінген акцизделетін алым Маркаларын қайтаруы

8.1. Импорттаушының пайдаланылмаған Маркаларды қайтаруы

Таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды осы Нұсқаудың 2.22. және 7.4 тармақтарында көзделген мерзімде қою жөніндегі сыртқысаудалық келісімді орындамаған не жартылай орындаған жағдайда импорттаушы көрсетілген мерзім еткенге дейін импорттаушыға Маркаларды сатқан акциздік кеден бекетіне барлық пайдаланылмаған Маркаларды қайтаруға міндетті.

Сонымен бір мезгілде импорттаушы акциздік кеден бекетіне төмендегідей құжаттарды көрсетеді.

- оған Маркаларды қайтарудың себебі және сатып алған кезде төленген ақша қаражатын қайтару туралы сұрауы көрсетілген жазбаша өтініш;
- өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар;
- Маркалардың алынғаны туралы түбіртектің данасы;
- импорттаушының Маркаларды сатып алу үшін өтінішінің данасы.

Импорттаушының өтінішін акциздік кеден бекетінің бастығы қабылдайды, бұл жөнінде импорттаушының өтінішінде Маркаларды қайтару туралы тиісті белгі жасалынады.

Өтініш қабылданған соң қайтарылған Маркалар және жоғарыда аталған құжаттар Кеден комитетіне жіберіледі.

8.2. Бүлінген Маркаларды импорттаушыға қайтару.

8.2.1. Тауарларға желімдер кезде Маркалар бүлінген жағдайда импорттаушы импорттаушыға Маркаларды сатқан акциздік кеден бекетіне барлық бүлінген Маркаларды көрсетуге міндетті.

8.2.2. Бүлінген Маркалар қағаздың жеке парақтарына төмендегідей ережелер сақтала отырып, желімденуі керек:

- Маркалар жаржарсыз және тегіс өтеліп желімденуі керек;

- Маркалар Маркалардың серияларының нөмірлері және Марканың орталық бөлігі анық көрінетіндей болып желімденуі керек;
- Маркалар жыртылып қалса бөліктері біріктірілуі керек;
- импорттаушының қайтаратын әр бүлінген Маркасының жалпы алаңы (оның ішінде біріктірілген бөліктері де) алғашқы көлемінің кемінде 60 процентін құрауы тиіс.

8.2.3. Импорттаушы акциздік кеден бекетіне осы Нұсқаудың 8.1. тармағының 4, 6 және 7 абзацтарында көзделген құжаттарды көрсетуге міндетті.

Импорттаушының өтінішін акциздік кеден бекетінің бастығы қабылдайды, бұл жөнінде импорттаушының өтінішінде Маркаларды қайтару туралы тиісті белгі жасалынады.

Өтініш қабылданған соң қайтарылған Маркалар және жоғарыда аталған құжаттар Кеден комитетіне жіберіледі.

8.3. Пайдаланылмаған не бүлінген Маркалар үшін ақша қаражатын қайтаруды импорттаушының өтініші Маркалар алынған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей берілген жағдайда Кеден комитеті жүргізеді.

Импорттаушының тілегі бойынша ақша қаражаты жаңа Маркалар не акциздер үшін ақы төлеу есебіне жатқызылуы мүмкін.

8.4. Импорттаушыға Маркаларды сатып алу кезінде оның төлеген ақша қаражатының сомаларын қайтару сату-сатып алу немесе айырбастау туралы нақты сыртқысаудалық келісімге сәйкес нақты сериялары мен үлгілері бар барлық бүлінген Маркалар үшін жүргізіледі.

8.5. Көрсетілген құжаттардың негізінде Кеден комитеті импорттаушыға Маркаларды сатып алу кезінде оның төлеген ақша қаражатын Маркаларды даярлау, сақтау және тасымалдау шығындарына кеткен сомасын ұстап қайтарады.

9. Акцизделетін алым Маркаларының пайдалануына бақылау

9.1. Акциздік кеден бекеті Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген таңбаланған тауарлардың немесе импорттаушының қайтарған Маркаларының санының сатып алынған маркалардың санына сәйкес келуін тексеру жолымен Маркаларының пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады.

9.2. Осы Нұсқаудың 7.4. және 2.22 тармақтарында көзделген мерзімге дейін таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларға байланысты импорттаушы акциздік кеден бекеті алдында Маркалардың пайдаланылуы туралы төмендегілерді көрсете отырып есеп береді:

- таңбаланған тауарлардың кедендік ресімдеуі жүргізілетін кедендік жүк

д е к л а р а ц и я л а р ы н ;

- пайдаланылмаған не бүлінген Маркаларды;

Сондай-ақ сатылған Маркалардың саны мен сериялары кедендік жүк декларацияларының 50 бағанында көрсетілген не импорттаушының қайтарған пайдаланылмаған не бүлінген Маркаларының саны мен серияларына сәйкес к е л у і к е р е к .

9.3. Дәлелді себептермен ерекше жағдайларда импорттаушы акциздік кеден бекетінен сатып алған Маркалары үшін оның алдында белгіленген мерзімде есеп бере алмаса, акциздік кеден бекетінің бастығы не оның орнындағы адам импорттаушының мерзімді ұзарту жөнінде сұрауын және дәлелді себептерін көрсеткен жазбаша өтініші бар болған жағдайда бұрын белгіленген мерзімнен екі ай асырмай мерзімді ұзарту туралы шешім қабылдай алады.

9.4. Осы Нұсқаудың 9.2. тармағында белгіленген талаптар орындалған жағдайда кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету мақсатында берілген банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілі өз әрекетін тоқтатады, ал осы мақсатта акциздік кеден бекетінің депозитіне салынған сомалар ақы төлеушіге қайтарылады.

9.5. Осы Нұсқаудың 9.2. тармағында белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда акциздік кеден бекеті импорттаушыдан N 1 Қосымшада келтірілген ставкалар бойынша есептелген сомада кедендік төлемдерді өндіріп алады.

Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның кепілімен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету кезінде акциздік кеден бекеті банкке көрсетілген сомаларды төлеуі тиісті екендігі туралы талап қ о я а л а д ы .

Акциздік кеден бекетінің депозитіне ақша қаражатын салу жолымен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету кезінде осындай ақша қаражаты республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

Республикалық бюджеттің кірісіне аударылған ақша қаражатын қайтаруды кеден органдары жүзеге асырмайды.

10. Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

10.1. Қазақстан Республикасы кеден аумағында таңбаланған акцизделетін тауарларды (транзиттің кеден режиміне сәйкес өткізілетін тауарлардан басқалары) әкелу кезінде шекаралық кеден органы мұндай тауарларды кеден бақылауымен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету ретінде ішкі кеден органының депозитіне салған жағдайда осы Нұсқаудың 1.9. тармағында көзделген және тауарларды алушының қызметі өтетін кеден органында орналасқан терминалдарға жібереді.

Осы тармақтың ережесі теміржолды қосқанда транспорттың барлық түрлерімен таңбалауға жатқызылатын тауарларды әкелерде қолданылады. Уақытша декларация болмаған жағдайда жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелуге болмайды. Мұндай тауарлар шекаралық кеден органдарында кедендік ресімдеуден өткізілмейді.

10.2. Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген таңбаланған акцизделетін тауарлар міндетті түрде осы Нұсқаудың 10.1. тармағында көзделген терминалдарға орналастырылады.

10.3. Таңбаланған тауарлардың кері импорты.

Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін таңбаланбаған акцизделетін тауарлар осы Нұсқаудың 10.1. тармағында көзделген тәртіппен кеден бақылауымен тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Мұндай тауарлар Қазақстан Республикасы аумағында өткеру үшін міндетті түрде таңбалауға жатқызылады.

10.4. Таңбаланбаған тауарлардың транзиті

Таңбаланбаған тауарларды өткізу кезінде транзиттің кеден режиміне сәйкес тауарлар таңбалауға жатқызылмайды.

Таңбаланбаған тауарлар шекаралық Кеден органы депозитіне кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету сомалары салынған жағдайда ғана транзит режимімен орналастырылуы мүмкін.

10.5. Таңбаланбаған тауарлардың кері экспорты

Тауарлар кеден органына кері экспортқа тікелей және толығымен арналған деп мәлімделінген жағдайда таңбалауға жатқызылмайды.

Кері экспорт режимімен Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген кезде терминалға жеткізілген және режимді мәлімдеу уақытында осындай терминалда болған таңбаланбаған акцизделетін тауарлар орналастырылуы мүмкін.

Таңбаланбаған тауарларды кері экспорттау жөніндегі кеден режиміне мәлімдеген жағдайда Қазақстан Республикасы кеден аумағында өткеруге арналған тауарларды пайдалануға мүмкіндік бермейтін әдіспен Маркалар бүлдіруге жатқызылады.

10.6. Таңбаланбаған тауарларды уақытша әкелу (әкету)

Көрмелерде, жәрменкелерде, халықаралық кездесулерде және басқа іс-шараларда (әкелінген (әкетілген) тауарларды сату мақсатында өндірістік және өзге коммерциялық қызмет атқарылатын орындардағы көрмелерден басқалары) осындай тауарлардың бірен-саран даналары арқылы көрсету үшін оларды уақытша әкелуден (әкетуден) басқа жағдайда таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды уақытша әкелуге (әкетуге) жол берілмейді.

10.7. Бажсыз сауда дүкені

Таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарларды бажсыз сауда дүкені кеден режимімен орналастыру кезінде Маркаларды таңбалау жүргізілмейді.

Тауарлар бұл тауарлардың бажсыз сауда дүкенінде сатылатынын растайтын арнайы этикеткалармен таңбалануға жатқызылады.

Арнайы этикеткалармен таңбалау тәртібін Кеден комитеті анықтайды.

10.8. К е д е н қ о й м а л а р ы

Таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарлар осы Нұсқаудың 1.9.

тармағында көзделген кеден қоймасына осындай тауарларды орналастырған жағдайда ғана кеден қоймасы режимімен орналастырылуы мүмкін.

10.9. Тауарлар экспорты

Шет елде шығарылған таңбаланған тауарларды экспорттау жөніндегі кеден режиміне мәлімдеген жағдайда Маркалар Қазақстан Республикасы кеден аумағында өткеруге арналған тауарларды пайдалануға мүмкіндік бермейтін әдіспен бүлдіруге жатқызылады.

10.10. Осы Нұсқауда көрсетілген талаптарды орындамаған адамдар Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден
комитеті Төрағасының
міндетін атқарушы

Бас салық инспекциясының
бастығы -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша
Нұсқауға N 1 Қосымша

Таңбалауға жатқызылатын акцизделетін тауарлардың

тізбесі және кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз
ету сомасын есептеу үшін ставкалар

N СЭҚ ТН бойынша	Тауардың атауы	Кеден төлемдерін
п тауар коды		төл.қам.ставкал.

1	2	3	4
---	---	---	---

1. 2203 Ашытылған сыра

0,62 ЭКЮ/литр

Ескерту. Құтыдағыларынан басқалары

2. 2204 (2204 Таза жүзім шараптары 2,67 ЭКЮ/литр
30 басқасы) күшейтілгендерін қосқанда

3. 2205 Өсімдік не жұпар иісті 2,30 ЭКЮ/литр
экстраттары қосылған вермуттар
және басқа да таза жүзім
шараптары

4. 2206 Басқа ашытылған сусындар (алма 1,43 ЭКЮ/литр
сидры, алмұрт сидры, перру)
бал сусыны)

5. 2207 Кемінде 80 процент спирті бар 4,96 ЭКЮ/литр
тазаланбаған этиль спирті;
кез келген күштіліктегі
тазаланған этиль спирті және
өзге спирттік ішімдіктер

6. 2208 Кемінде 80 процент спирті бар 9,96 ЭКЮ/литр
тазаланбаған этиль спирті; күшті
спирттік ішімдіктер, ликерлер
және өзге алкогольдік ішімдіктер;
сусындар әзірлеуде қолданылатын
құрамдас спирттік жартылай
өнімдер

7. 220890530** Спирттелінген шырынсулар 4,24 ЭКЮ/литр
220890730**

Ескерту.

Спирттелінген шырынсулар дегеніміз 0,5
процент көлеміндегі спирттің концентрациясы

8. 2402 Сигарлар (ұштары кесілген 9,29 ЭКЮ
сигарларды қосқанда), жұқа 1000 дана
сигарлар және темекі не оны
алмастыратындардан сигареттер

Қазақстан Республикасы

кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша

_____ бастығына
(кеден органының атауы)
тіркеу N _____ 199__ ж. _____
(кеден органы толтырады)

Өтініш
акцизделетін алым Маркаларын сатып алуға

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк. деректері)

акцизделетін алым Маркаларын сатуды сұрайды:

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ
(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ
(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ
(марканың түрі)

жалпы сомасы _____ ЭКЮ

(жазумен)

Тауарларды сатып алуға қажетті маркалардың көрсетілген саны:

(тауарлардың номенклатурасы мен саны, темекі бұйымдары -

әр пачка түрімен пачка және сигарет саны, арақ-шарап

бұйымдары - сыйымдылық түрімен шөлмек саны)

Көрсетілген тауарлар сыртқысаудалық келісімге сай

_____ N _____ фирмасымен бірге сатылып алынады және

(терминалдың мекен-жайы)

терминалына ұсынылатын болады.

Маркаларды сатып алуға ақша қаражаты акциздік кеден бекетінің

шотына _____ N _____ құжатпен 1995 ж. _____

_____ сомасында салынады.

(жазумен)

"Акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібі туралы" Нұсқаудың ережелерімен танысып отырмыз.

Ұйымның басшысы _____ Т.Е.

Бас бухгалтері _____ Т.Е.

(қолы)

М.О.

Акциздік К/П қаражат

түскені туралы белгісі Акциздік К/П кепілдік міндеттеме

қабылдағаны туралы белгісі

кепіл берушінің атауы/деректері

(қамтамасыз ету сомасы, тауар әкелудің шектік мерзімі)

Қазақстан Республикасы
кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың

тәртібі туралы уақытша
Нұсқауға N 3а Қосымша

_____ бастығына

(кеден органының атауы)

тіркеу N _____ 199__ ж _____

(кеден органы толтырады)

Өтініш

акцизделетін алым Маркаларын сатып алуға

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк. деректері)

акцизделетін алым Маркаларын сатуды сұрайды:

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ

(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ

(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ

(марканың түрі)

жалпы сомасы _____ ЭКЮ

(жазумен)

Тауарларды сатып алуға қажетті маркалардың көрсетілген саны:

(тауарлардың номенклатурасы мен саны, темекі бұйымдары -

әр пачка түрімен пачка және сигарет саны, арақ-шарап бұйымдары

сыйымдылық түрімен шөлмек саны)

Көрсетілген тауарлар сыртқысаудалық келісімге сай

_____ N _____ ұйыммен бірге сатылып алынады

Тауар өндіруші _____

ТМД-ге қатысушы ел _____

(елдің атауы)

(терминалдың мекен-жайы)

және терминалына ұсынылатын болады.

1		2		3		4		5		6		7		8		9
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

Кепіл Тауар.-	КЖД		КЖД		КЖД		Қайта.		Төлем		Кеден		ҚР	КК		
сома.		ларды		нөмірі		бойын.		кеден		рылған		тапсырысы		бекет		ақша
сы,		ресім.		мен		ша		төлем		Марка.		инкасса		шотына		ауда.
банк		деудің		күні		тауар		дері.		лар		тапсырысы		ақша		төлем
дерек		шектік				саны		нің		саны		нөмірі		қараж.		құжатының
тері		мерзімі				сомасы				күні		өн.		түскен		нөмірі,
						(түрле		алу		күні		күні				
						рі										
						бойынша										

10		11		12		13		14		15		16		17		18
----	--	----	--	----	--	----	--	----	--	----	--	----	--	----	--	----

Қазақстан Республикасы

кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша
Нұсқауға N 5 Қосымша

_____бастығына
(кеден органының атауы)
тіркеу N _____ 199__ ж. _____
(кеден органы толтырады)
Міндеттеме
тауарды әкелу туралы

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк. деректері)

199__ж. " __ " _____дейінгі еркін айналым үшін шығарудың
кеден режиміне сәйкес таңбалауға жатқызылатын тауарларды
Қазақстан Республикасына іс жүзінде _____
(тауардың атауы)

_____ саны _____
(тауарлардың саны)
әкелуге және _____
(терминалдың атауы)

орналастыруға

еркін айналым үшін шығарудың кеден режимімен орналастырып, кеден
ресімдеуіне ұсынуға және сол кеден режиміне көзделген тиесілі кеден
төлемдері мен салықтардың бәрін төлеуге міндеттенеді.

Жоғарыда аталған тауарлар үшін кеден төлемдерін төлеуді
қамтамасыз ету ретінде мыналар ұсынылып отыр: (керектісі
толтырылсын)

_____Банктің 199__ж. " __ " _____
N _____сомасында кепілдік міндеттеме;
(жазумен)

- кеден органы депозитіне кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз
ету үшін салуға 199__ж. " __ " _____сомасында
(жазумен) N _____төлем құжаты (керексіз сызылып тасталынады)

Ұйымның басшысы _____Т.Е.
бас бухгалтері _____Т.Е.

М.О.

Кеден органы лауазымды
адамның белгісі

Қазақстан Республикасы
кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша
Нұсқауға N 6 Қосымша

_____бастығына
(кеден органының атауы)

199__ж " __ " _____Кепілдік міндеттеме

(банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банк

не ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, заңдық мекен-жайы, МФО, ҚР

Ұлттық банкісінің валюталық операцияларды жүргізуге лицензиясының

N , телекс, телефакс нөмірі)

осымен _____ кеден органына

(ұйымның атауы)

199 ж " ____ "

_____ N тапсырыс бойынша сатылып алынған акцизделетін алым маркаларының санына сәйкес келетін таңбалауға жатқызылатын тауарларды көрсетпеген жағдайда не 199 ж " ____ " _____ дейінгі мерзімде қолданылмаған не бүлінген маркаларды қайтармаған

жағдайда _____ жоғарыда белгіленген

(кепілдік міндеттеме берген мекеменің атауы)

мерзімнен бастап 3 күн ішінде _____ көлемінде кеден төлемдерін

төлеуді қамтамасыз ету сомасын аударарды, сонымен қатар осы кепілдік міндеттеме қабылданған күннен бастап және тауарды ресімдеу үшін белгіленген осы міндеттеменің не қолданылмаған маркалардың мерзімдерін қосқанда күн сайын жылдықтың есептелген _____ проценті сомасын

аударарды.

Осы кепіл бойынша тиесілі ақша қаражатын Банк төлемеген жағдайда Банк кеден органдарына мерзімі өткен әр күн сайын _____ % мөлшерінде өсімді қосқанда Банк шотынан есептен шығаруға рұқсат береді.

Осы кепілдік міндеттеме таңбалауға жатқызылатын тауарды кедендік ресімдеу аяқталғанға дейінгі кезең ішінде не қолданылмаған маркалар қайтарғанша не осы кепілдік міндеттеме бойынша тиесілі ақша қаражаты есептен шығарылғанша қолданылады.

Осы кепілдік міндеттеме кедендік төлемдерді төлеу ұзартылса не бөліп төленілсе төлеуді қамтамасыз ету ретінде қолданылмайды.

Банк басқарушысы _____

(Т.Е., қолы)

Бас бухгалтер _____

(Т.Е., қолы)

Қазақстан Республикасы

кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша
Нұсқауға N 7 Қосымша

(кеден органы)

Түбіртек
акцизделетін алым Маркаларын сатып алуға

тіркеу N _____ 199 ж _____
(кеден органы толтырады)

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк. деректері)

акцизделетін алым Маркалары

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ
(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ
(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ
(марканың түрі)

жалпы сомасы _____ ЭКЮ
(жазумен)

_____ берілді
Маркаларды берген қызметкердің қолы _____

Алынды _____

(лауазымы, тегі, есімі, әкесінің аты-жөні)

Сенімхаттың N _____ 199__ ж _____

Төлқұжат сериясы _____ N _____ берілді

199 ж. " " _____ алдым. Қолы _____

Кеден органының
гербілік мөрінің орны

Алушы ұйымның
мөрінің орны

Қазақстан Республикасы

кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша
Нұсқауға N 8 Қосымша

Темекі бұйымдарын таңбалаудың ережелері

Жұқа / тығыз жұқа пачка

- Жоғарғы жазықтықта орналасу

Жоғарғы жазықтықты жабатын этикетканың мәтіні не суреті пачканың алдыңғы жазықтығының бағытына қарай бағдарлануы және ортасы бойынша орналастырылуы тиіс (пачканың оң және сол жағынан, алдыңғы және артқы кабырғаларынан бірдей қашықтықта).

Бүктелмелі қақпағы бар пачка

- этикетка артқы жазықтықта орналасуы тиіс.

Қазақстан Республикасы

кеден аумағына әкелінетін
кейбір акцизделетін
тауарларды таңбалаудың
тәртібі туралы Уақытша
Нұсқауға N 9 Қосымша

Арақ-шарап өнімдері мен спиртті таңбалаудың е р е ж е л е р і

Акцизделетін алым Маркасы ыдыстың тығындайтын капсуласының үстіне оның мойнына дұрыс киілетіндей болып желімделінеді.

Марканың орталық (елтаңбалық) бөлігі қапқтың (тығынның) ортасына о р н а л а с у ы к е р е к .

Желімденген Марка ыдыстың ішіндегісі босатылар алдында сөзсіз бүлінуі к е р е к .

Маркаларды желімдеу үшін қолданылатын желім оның кеуіп кетуін және Марканың ыдыстан аршылып түсуін болдырмау үшін жоғарғы және төменгі температураларға, ылғалдылықтың түрлі деңгейлеріне төзімді болуы керек; Марканы қайтадан қолдану үшін ыдысты ашарда бүлінген Марканы бүтіндеу мүмкіндігіне жол бермеуді қамтамасыз етуі керек.

Таңбалауға керекті желімге талаптарды сақтауға жауапкершілік тауарларды и м п о р т т а у ш ы ғ а жүктеледі.

Осы талаптар орындалмаған жағдайда кеден органдары Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды шығармауға құқылы.